

Қазақстан Республикасының Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 сәуір 1993 ж. N 270

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кітап палатасын Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы деп атау туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына:

кітапты халықаралық стандартпен нөмірлеу жөніндегі;

сериялы басылым жөніндегі функциялар жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі:

3 ай мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының жарғысын бекітетін болсын;

1993 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының материалдық-техникалық базасын нығайту және Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының кітап қоймалары мен әкімшілік корпусының жаңа үйлерін салу жөніндегі шаралар туралы келісілген ұсыныстарын әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі